

**СЕВОСТЬЯНОВА, С.С.,
ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДА ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Өзіңізді қауіпсіз сезіну, жақсы бейімделу және қиындықтарды жеңу үшін адам өзі туралы жағымды түсінікке ие болуы керек, өзін-өзі бағалауы керек. Өзін-өзі бағалау мәселесі әсіресе Дамуында проблемалары бар балалар үшін, оның ішінде психикалық дамуы тежелген балалар үшін өте маңызды. Мақалада психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың өзін-өзі бағалауын зерттеу нәтижелері келтірілген. Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілерінің практикалық қызметінде қолдануға болатын өзін-өзі бағалауды қалыптастыру үшін түзету және дамыту сабақтарының негізгі кезеңдері сипатталған.

Кілт сөздер: өзін-өзі бағалау, өзін-өзі баламалы бағалау, қалыптастыру, түзету-педагогикалық жұмыс, кешіктірілген психикалық даму

**SEVOSTYANOVA S.S.,
FORMATION OF SELF-ASSESSMENT IN CHILDREN WITH DELAYED PSYCHOLOGICAL
DEVELOPMENT**

In order to feel well, adapt better and overcome difficulties, a person needs to have a positive self-image and adequate self-esteem. The problem of self-esteem is especially significant for children with developmental problems, including those with mental retardation. The article presents the results of the study of self-esteem of senior preschool children with mental retardation. The article describes the main stages of correction and development classes for the formation of adequate self-esteem, which can be used in the work of preschool teachers.

Key words: self-assessment, adequate self-assessment, formation, correctional and pedagogical work, psychological developmental delay.

ӘОЖ 614.78

Жетпісбай, Г.А.,
*Жаратылыстандыру ғылымдары магистрі
экология және география
кафедрасының оқытушысы
А.Байтұрсынов ат. ҚРУ,
Қостанай, Қазақстан*

**COVID-19 ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕ ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН
ҚАРЫМ ҚАТЫНАСТА ЖІБЕРГЕН ҚАТЕЛІКТЕРМЕН ЖҰМЫС**

Түйін

Бір реттік қорғаныс маскалары химиялық өңдеуден өткен материалдан тігіледі, онда қанша бактерия тұрады? Мұның бәрі биоәртүрлілікке зиян келтіреді. Бұл маскаларды жануарлар олар өзендерге, тоғандарға тасуы мүмкін. Олар биологиялық материалдан тігілмеген, сондықтан олар бірден ыдырамайды. Жануарлар пластикалық заттарды қорығынан ажырата алмайды, нәтижесінде олар қоқыстарды жеп қояды, кішкентай жануарлар маска мен қолғаптарға шырмалып қалуы мүмкін. Осының барлығы экологиялық орсан зор тәуекел, экологиялық мәдениет, табиғатпен қарым-қатынас деңгейімен жұмыс жасау қажеттілігін тудырып отыр.

Кілт сөздер: COVID 19, қорғаныс маскалары, тұрмыстық қоқыс, экологиялық білім, экологиялық тәрбие.

1. Кіріспе

Коронавирус адамзат организмінен ғана улаған жоқ, уланған үнсіз табиғатта бар. Коронавирустың шегіне шыдап келе жатқан қоршаған ортада шашылып жатқан маска көрінісі әр көшеде көрінетіні айқын мәселе туғызды.

Адамдарға үйден шықпау керек болғандықтан тамақтарды артығымен алып, уақытты азық-түлікті артық мөлшерде пайдаланумен, карантин режимі елестенді. Супермаркеттен тамақты астын-үстін алмаған адам жоқ. Карантин режимінде адамдарда психологиялық тұрғыда паника болды, оның әсерін үндемей көтеріп тұрған жер планетасы табиғаты.

Әлемде медициналық маска тақпаған адам қалмаған шығар, әрине нақты қазіргі уақытта алатын болсақ, COVID 19 індетіне байланысты, әр адам арнайы медициналық маска тағуы қажет, әр адам маска тағып жүргені жақсы, бірақ, тағып болған соң бетперденің тағдыры қандай?

Осы орайда қоршған ортамен қарым -қатынаста адамдардың жіберген қателіктері көп екені айқын осыған орай қоғамның осы қателіктермен әрине жұмыс жасау керек әрине. Жалпы жұмыс жасауды жасөспірім балалардан бастауды халықаралық тәжірибе растайды. Яғни білім көзі мектеп ордаларында экопропаганда көздейді. Сол арқылы жас болашақ адамдарда дұрыс экологиялық мәдениет қалыптасуына қызмет атқарады.

Жер тұрғындары екі сағат сайын маска ауыстырып денсаулықтарын күтті, бірақ сол маска қызметін атқарып болғасын, оны қоршаған ортаның кез келген жеріне өркениетті елдің жастары лақтырып тастап кете барды. Осыған қарап біздің қоғам мүшелері заттарды дұрыс утилизациялауды білмейді. Ретсіз шашылып жатқан ешқандай зат қалаға, еш жерге көрік бермейтіні анық. Бірақ оны қазір дұрыс түсініп жатқан адамдар аз!

2. Материалдар мен әдістер

Лақтырылған маскалардың саны ғана емес, сонымен бірге олардың қоршаған ортаға зиян келтіретін уақыты да алаңдаушылық тудырады. Себебі, маскалар тез ыдырамайтын пластик түріндегі полипропиленнен жасалған. Маскадағы полипропилен 500 жылға дейін ыдырайды, іс жүзінде бұл ақырындап жарылатын экологиялық бомба.

«Маскалар химиялық өңдеуден өткен материалдан тігіледі, онда қанша бактерия тұрады? Әрине, олар қоқыс полигондарына түсіп, ондан топыраққа жұғады. Кәдеге жаратудан өтпеген кез келген зат, темекі тұқылынан бастап топыраққа қауіп төндіреді», – дейді. Бұл ақпаратты «Azattyq Rýhu» электронды бетінде Қазақстандық экологиялық аудиторлар палатасы қауымдастығының президенті Ж.Қ. Кенжалин хабарлады.

Мұның бәрі биоәртүрлілікке зиян келтіреді. Бұл маскаларды жануарлар өзендерге, тоғандарға тасуы мүмкін. Ал, балық оларды жей алады. Бұл орсан зор тәуекел!

Қоршаған орта жағдайларын әрқашан адамдар естен шығармайтындай, экологиялық білім беру керек деген міндет қойылады.

Экологиялық тәрбиесі жоғары адам көше ортасында маскасын лақтырып кете бермесі анық, ал осыған экологиялық білімі ұштасқан қоғам болсақ, адамдар бір реттік емес, матадан жасалған маскаларды қолданар еді. Иә, мата маскалар қолданылымда бар, бірақ бір реттік қолданылымдағы маскалар саны одан көп есе жоғары десек болады.

- бір рет қолданылатын маскаларды қалай дұрыс тастау керек;
- бет маскасын алып тастамас бұрын қолыңызды мұқият жуыңыз немесе зарарсыздандырыңыз;

- масканы бөлек, герметикалық жабық пакетке салыңыз;
- масканы үш күнге қалдырыңыз (осы уақыт ішінде беттерде вирус өліп кетуі мүмкін);
- масканы тұрмыстық қоқыспен бірге тастаңыз;
- бір рет қолданылатын қолғаппен де солай жасаңыз.

Осы жағдайлар қоғамның экологиялық санасы, білімі, тәрбиесі жеткілікті деңгейде емес екенін көрсетеді. Маска дұрыс тасталмаған болса ол ашық ауада вирустар таралуы мүмкін. Осы маңызды қағидаларды білмеген қоғам мүшелері, оны көше, саябақ, үй алаңдарына шашып қоршаған ортаны ластаумен қатар жан жағындағы адамдарға қауіп төндіруде.

3. Нәтижелер мен талқыдау

Жалпы пандемия 2020 жылдың наурыз айынан басталды, сол уақыттан бастап қаншаа қорғаныс маскалары жерге тасталынды. Пандемияның бастапқы дүрбелең кезеңінде «МИР 24» телеарнасының зерттеуі бойынша Қазақстанда бір ай ішінде тұрғындар 20 миллион дана

сатып алынған, ал бұл уақытта қажеттілік 30 миллионға дейін өсті, дәріханаларда тапшылық пайда болды [1].

Өндіріс көлемі айына алты миллионнан асадай көрсеткішті көрсеткен, ал тәуліктік көрсеткішпен қарайтын болсақ ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму Вице-министрі Б.С. Камалиев Қазақстандық кәсіпорындардың өнімділігі тәулігіне 170 мың масканы құрайтынын наурыз айында ғана хабарлаған [2]. Бұл көрсеткіштер пандемияның үдеуіне байланысты түбегейлі өзгерді, тұрғындар қажеттілігіне сай Қазақстанда тәулігіне бір миллионнан астам маска шығарылады деп 2 сәуірде ОКҚ-да өткен баспасөз конференциясында ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қ.А. Өскенбаев хабарлады [3].

2020 жылдың 31 наурызында маска өндірісінің тәуліктік көлемі бір млн данадан асты, оның ішінде фармацевтикалық кәсіпорындар – 325 мың дана, тігін кәсіпорындары – 680 мың дана шығарды. Қ.А. Өскенбаев 5 наурызда медициналық маскалар өндірісі 209 850 дананы ғана құраған еді, – деп атап айтқан [4].

Маусым айларынд ҚР ИИДМ хабарлауы бойынша көрсерткіш тәулігіне 750 мыңға жуық медициналық маска болды [5].

Курсив ақпараттық желісінің 2020 жылы тамыз айының жазбасында министрлер кабинетінің отырысында ИИДМ басшысының сөз сөйлеуіне қоса берілген анықтамалық ақпаратта тамыз айында медициналық маскалар өндірісінің көлемі тәулігіне 1,2 млн дананы құрайды, Б.Б. Атамқұлов хабарлайды делінген [6].

Сонымен пандемияның басынан бастап маска өндірісінің көлемінің даму тенденциясын мониторингі төмендегідей.

Кесте-1. Қазақстандық кәсіпорындардың медициналық маскаларды тәулігіне өнімділігі.

Айы	Маскалар саны
Наурыз бастапқы кезең	170 000
Наурыз соңы	325 000
Сәуір	1 000 000
Маусым	750 000
Тамыз	1 200 000

Қазақстанда қорғаныс маскаларының өндірісі 2020 жылдың соңына қарай тәулігіне 1,5 млн-ға дейін жеткізіледі ИИДМ министрі Б.Б. Атамқұлов 11 тамыздағы үкімет отырысында сөйлеген сөзі екен.



Сурет 1- Қазақстанда қорғаныс маскаларының өндірісі тенденциясы

Көрсетіліп отырған статистикамен қарасақ осы айларда Қазақстанда қоқысқа тасталынған қорғаныс маскаларының жалпы саны күн сайын 3 445 000 дана. Бірақ, осы маскалардың барлығы дұрыс утилизацияға ұшырамады, себебі пандемия басталғаннан бастап қала көшелерінде шашылып жатқан көріністер қоғамың қоршаған ортадағы тазалық деңгейін аңғартты. Бұл жағдайға экологтар ғана дабыл қақты, жаңалықтарда көрсетіп, қоғамды дұрыс экологиялық мәдениетке бағдарлауға тырысты.

«Коронавирус инфекциясы негізінен ауа тамшы арқылы жұғады. Науқас маска тағып жүріп, жөтеледі, түшкіреді, содан соң оны көшеге лақтырады. Оған жиналған вирус белгілі бір уақыт бойы қауіпті болады. Содан соң барлығы құрғайды және ауаға тарайды. Міне, содан кейін ауаға тараған шаң-тозаң басқа адамға вирус жұқтырады. Ықтималдығы төмен, бірақ қауіп бар», – деп түсіндірді А.Богоявленский.

«Егер спанбондтан (арнайы материалдан) дайындалған медициналық маскалар туралы айтсақ, олар далада ультракүлгіннің әсерінен бір жылға дейін, ал күннен жабық жерде 3 жылдан 5 жылға дейін сақталады. Негізінде, оларды медициналық қалдық сияқты кәдеге жарату керек. Ал, көшеде, парктерде жатқан маскалар жалпы қоқыспен бірге полигонға апарылып, барлық қалдықпен бірге кәдеге жаратылуы мүмкін. Оның үстіне, тасталған маскалар кез келген жерде жатып, потенциалды қауіпті болып келеді», – деген А.Ысқақова.

Жалпы қортындылай келе бұл ескертпелер қоғамды түбегейлі өзгеруге жеткіліксіз болды деген қортынды айтуға болады.

Қостанай облысы бойынша «Экологияны қорғауды неден бастау керек?» әртүрлі жастағы адамдар арасында өткен сауалнама нәтижесі төмендегідей.



Сурет 2-Экологияны қорғауды неден бастау керек?

Сауалнамаға қатысқан адамдардың 25% ағаш отырғызу, 18% зиянды өндіріс орындарын қысқарту, 26% айналға қоқыс шашпау, 26% экологиялық білім беру, 5% пластиктен бастарту.

Экологиялық білім қоршаған әлемге адекватты қатынасты қалыптастыру үшін қажет. Біздің өмір сүру жағдайымыз адамның табиғатқа қалай әсер ететініне байланысты. Мұны барлық бұқаралық ақпарат құралдары айтады және егер бұл туралы мектептерде үнсіздік болса, дұрыс емес.

Балаларда қоқыс проблемасының ауқымы туралы түсінік алуға мүмкіндігі болмайды. Қалған мектеп оқушылары қоқыстың қайда кететіні туралы ойланбайды және олар өмір бойы лақтырған барлық пластиктердің әлі де бір жерде жатқанын және ол жерде ұзақ уақыт қалатынын білмейді.

Әлемдік тәжірибеде Австралия, Шотландия, Канада, Финляндия, Индия елдері мектептері экологиялық білім беретін елдер тәжірибесін біздің ел қазір қарастыруда. Көрші Ресейде экологиялық білімді мектеп бағдарламасына енгізу бастапқы кезеңде. Мектептерде экологиялық тәрбиенің жүргізілу жолдарын жетілдіру керек. Мысалға, Г.Жетпісбай, А.Батырғали, К.Тайтинова ұсынысы бойынша жасалған жоба мысал.

Жобада экологиялық тәрбие қоғамға, жасөспірім жастан беруді қарастырады және қоғамда экологиялық білімнің төмендігі экожарнамалардың жоқтығынан деп қарастырған. Яғни, экологиялық проблемаларды жарнамалаған, пропаганда жасаған сайын шешу жолдары жеңілдетіледі. Насихаттау – саяси, философиялық, ғылыми, көркем және тағы басқа көзқарастар мен идеяларды оларды қоғамдық санаға енгізу және жаппай тәжірибелік қызметті жандандыру мақсатында таратқан сыяқты, экологиялық өмір сүру бағытын да жобалы насихаттап отыру керек. Бұл насихатты экологиялық білімді мектепте алған адамдарға тез ұғынып түсіне алады және жүзеге асырады. «COVID-19 пандемиясының салдарын шешу жөніндегі менің көзқарасым» атты республикалық жоба байқауына қатысқан жұмыстар жүзеге асырылса, мектеп балаларында дұрыс экологиялық мәдениет қалыптасады.

Жоба экожарнаманы стенаға немесе жекелей бұрышқа орнатылу мүмкіндігін қарастырады. Бастауыш сынып балалары үшін қарапайымдылап мысалмен келтірілетін экостендттер орнатылу керек, ал жоғары сынып оқушыларына экологиялық мәселелерге сілтеме беретін, ой шақыратын, экологиялық білім болатын ақпараттармен болуы керек.

Бұл қазіргі уақытта аз болып тұрған, экологиялық тәрбие береді. Жиі табиғат проблемаларын көздеріне елестетеді. Өзгеруді өздерінен бастау керек екендігін түсінеді. Айнала-сындағы адамдарды экологиялық мәдениетке шақырады. Экологиялық проблемалардың зардаптарын насихаттайды.

4. Қортынды

Қортындылай келе бірінші экологиялық мәселе маскалардың шашылу мәселесін шешу үшін Қазақстанның әр жерінде жеке қорғаныс құралдарына арналған арнайы контейнер орнатылу керек. Дамыған елдердің бұл айнымас бөлігі болу керек деп ойлаймын.

COVID-19 пандемия кезіңі жалпы қоғамның қоршаған ортамен қарым-қатынас деңгейін көрсетті және жіберген қателіктермен жұмыс жасау шешу жолдары болжамдары төмендегідей.

Екінші, болашақта жеке қорғаныс құралдарын дұрыс қарым-қатынас жасау үшін Қазақстанда мектепте экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететін экологиялық білім негізін қалау керек. Мектепте адам табиғаттағы өз орнын біледі, оған деген көзқарасын түсінеді және өз қызметінің салдары үшін жеке жауапкершілік сезімін алады. Мұнда экологияны қоршаған ортаға, үйге және өзіне деген этикалық көзқарас ретінде қарастырған жөн. Жан-жағына экологиялық этикамен қарай алатын ұрапақ тәрбиелеу қазіргі кезеңнен басталу керек.

Экологиялық проблемалармен теориялық танысу аясында адамдар бойында экологиялық таза мінез-құлық, этикалық нормалар мен қоршаған ортаға деген қарым-қатынас ережелерін қалыптастыру басты мақсат.

Екінші экологиялық мәселе маскалардың шашылу мәселесін шешу үшін Қазақстанның әр жерінде жеке қорғаныс құралдарына арналған арнайы контейнер орнатылу керек. Дамыған елдердің бұл айнымас бөлігі болу керек деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі

Қазақстанда зерттелген электрондық журнал «МИР 24» 07.03.2020. – журналдарға кіру режимі <https://mir24.tv/news>

Қазақстанда зерттелген электрондық журнал «ҚР Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы» – журналдарға кіру режимі <https://primeminister.kz/>

Қазақстанда зерттелген электрондық журнал «Курсив» 02.04.2020. – журналдарға кіру режимі <https://kursiv.kz/>

Қазақстанда зерттелген электрондық журнал «КТК» 20.03.2020 журналдарға кіру режимі ktk.kz

Қазақстанда зерттелген электрондық журнал «ҚР Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы» – журналдарға кіру режимі <https://primeminister.kz/>

Қазақстанда зерттелген электрондық журнал «Курсив» 02.04.2020. – журналдарға кіру режимі <https://kursiv.kz/>

ЖЕТПІСБАЙ, Г.А.,

РАБОТАТЬ НАД ДОПУЩЕННЫМИ ОШИБКАМИ ЛЮДЕЙ, ПО ОБРАЩЕНИЮ С ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЕЙ ВО ВРЕМЯ ПАНДЕМИИ COVID-19

Одноразовые защитные маски шьют из материала, который подвергается химической обработке, а сколько там живет бактерий? Все это наносит ущерб и биоразнообразию так как маски эти могут растаскать животные, они попадают в реки, водоемы. Они же сшиты не из биологического материала, они сразу не разлагаются. Некоторые животные не могут отличить пластиковые предметы от своей добычи, в результате чего задыхаются от мусора, более мелкие животные также могут запутаться в резинке от масок или перчаток. Этот огромный экологический риск порождает необходимость работы с уровнем экологической культуры.

Ключевые слова: COVID 19, защитные маски, мусор, экологическое образование, экологическое воспитание.

ZHETPISBAY, G.A.,

WORK ON PEOPLE'S MISTAKES IN HANDLING THE ENVIRONMENT DURING THE COVID-19 PANDEMIC

Disposable protective masks are sewn from the material that is subjected to chemical treatment, and how many bacteria live there? All this causes damage to biodiversity, as these masks can be pulled apart by animals, they fall into rivers and reservoirs. They are not sewn from biological material, they do not immediately decompose. Some animals can't tell the difference between plastic objects and their prey, causing them to choke on debris, and smaller animals can also get tangled in rubber bands from masks or gloves. This huge environmental risk creates the need to work with the level of environmental culture.

Key words: COVID 19, protective masks, household garbage, environmental education, environmental education.